

Бекітілсін  
«Торайғыров университеті» КеАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор  
Н. Медетов

2026 ж. «14» 08

**Дайындық бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды ұйымдастыру туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1 Жалпы ережелер**

1.1 «Торайғыров университеті» КеАҚ дайындық бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды, конкурстық іріктеуді және оқытуды ұйымдастыру туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №554 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар), «Торайғыров университеті» КеАҚ-ның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидаларына (бұдан әрі – Қабылдау қағидалары) сәйкес әзірленген және «Торайғыров университеті» КеАҚ Дайындық бөлімінде (бұдан әрі – Қоғам) оқуға қабылдау және конкурстық іріктеу өткізу рәсімін айқындайды.

1.2 Осы Ереже жалпы білім беру және тілдік дайындық деңгейін арттыру мақсатында Қоғамның Дайындық бөлімінде оқуға тыңдаушыларды қабылдауды келесі санаттар бойынша реттейді:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдері;
- шетел азаматтары.

1.3 Дайындық бөлімінде оқуға қабылдау конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша мынадай негіздерде жүзеге асырылады:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде;
- білім алушының өз қаражаты есебінен Қоғамның ақылы білім беру қызметтері негізінде.

1.4 Талапкерге Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес, егер ол осы деңгейде алғаш рет білім алатын болса, конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде тегін оқу мүмкіндігі беріледі.

1.5 Ақылы негізде оқуға қабылдау конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырылады. Дайындық бөлімінде білім алушылар үшін оқу ақысының мөлшері мен оны төлеу тәртібі нормативтік құқықтық актілерге және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес белгіленеді.

1.6 Конкурстық іріктеуді өткізу нысаны – талапкерлермен бейнебайланыс құралдарын пайдалана отырып, офлайн немесе онлайн форматта жеке әңгімелесу.

## **2 Құжаттар қабылдау**

2.1 Конкурсқа қатысу үшін өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылғы 5 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында жүргізіледі.

2.2 Құжаттарды қабылдау Университеттің ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта немесе университеттің қабылдау комиссиясы арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

2.3 Дайындық бөлімдеріне түсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) жалпы орта (жалпы орта), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама.

2.4 Дайындық бөлімдеріне түсу үшін шетелдіктер, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар мынадай құжаттарды ұсынады (1 қосымша):

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш (2 қосымша);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және мөрдiң аудармасын қоса алғанда, нотариат куәландырған сканерленген аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болған жағдайда);

4) үміткердің тұрғылықты жерінің ресми денсаулық сақтау органы берген шетелде білім алуға арналған денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама.

2.5 Тұлғалар оқуға қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тану рәсімінен өтеді.

2.6 Қабылдау талапкерлердің өтініштері бойынша жүзеге асырылады (2 қосымша). Ұсынылған құжаттарды Ереженің 2.3 және 2.4 тармақтарына сәйкестігіне құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде

тексереді. Ұсынылған құжаттар Ереженің 2.3 және 2.4 тармақтарының талаптарына сәйкес келген жағдайда, Қоғамның қабылдау комиссиясы құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде құжаттардың тіркелгені туралы хабарламаны құжаттарды тапсыру кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жібереді. Ұсынылған құжаттар Ереженің 2.3 және 2.4 тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда, талапкерге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі. Талапкерге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысу үшін қайтадан тіркелуге мүмкіндік беріледі.

### **3 Конкурстық іріктеуді өткізу**

3.1 Конкурстық іріктеуді күнтізбелік жылдың 10-15 қыркүйегі аралығында өткізеді.

3.2 Конкурстық іріктеуді өткізу үшін университеттің профессор-оқытушылар құрамынан Комиссия құрылады, Комиссия төрағасы сайланады және Университет Басқарма Төрағасы - ректорының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия мүшелерінің саны оның төрағасын қоса алғанда так болып табылады. Университеттің халықаралық байланыстар және психологиялық қызмет жөніндегі қызметкерлері кеңесші дауыс беру құқығынсыз Комиссия құрамына кіреді. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін Комиссиясының хатшысы қамтамасыз етеді. Комиссия хатшысы Комиссия мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығына ие емес.

3.3 Конкурстық іріктеуді өткізу кестесін, өткізу күнін, уақыты мен орнын Комиссия төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін келіп түсушілердің назарына жеткізіледі.

3.4 Әңгімелесу басталғанға дейін Комиссия мүшелері талапкерлер санына сәйкес сұрақтар салынған конвертті, белгіленген үлгідегі әңгімелесу хаттамасының бланкілерін (4 қосымша) алады.

3.5 Университет өткізетін конкурстық іріктеуден өту кезінде талапкер өзінің жеке басын куәландыратын құжатты және құжатты тіркеу туралы хабарламаны ұсынады.

3.6 Қазақстан Республикасының азаматтарын конкурстық іріктеу жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері және ағылшын тілі бойынша жалпы білім беру даярлығының деңгейін айқындауға мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде кешенді тестілеу түрінде офлайн режимде өтеді. Кешенді тестілеу бейнежазбамен сүйемелденеді.

3.7 Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын шетелдіктерді, ұлты қазақ адамдарды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарды конкурстық іріктеу Комиссия мүшелерімен жеке әңгімелесу түрінде нақты уақыт режимінде онлайн режимінде өтеді. Әңгімелесу барысында талапкерге жалпы білім беру дайындығының деңгейін, Қазақстанда оқитудың хабардарлық деңгейін анықтау үшін мемлекеттік тілде сұрақтар қойылады. Әңгімелесу бейнежазбамен сүйемелденеді.

3.8 Әңгімелесу барысында Комиссия мүшелері талапкерлердің төмендегі талаптарды сақтау қамтамасыз етуге міндетті:

- талапкер камераның көру аймағынан шықпауы, басқа нәрсеге аландамауы, микрофонды өшірмеуі және дыбысын бәсеңдетпеуі тиіс;
- талапкер сұрақтарға өз бетінше жауап беруге міндетті;
- бөлмеде үшінші тұлғалардың болуына жол берілмейді;
- байланыс құралдарын, фото-, аудио-, бейнеаппаратураны, анықтамалық материалдарды, жазбаларды және ақпаратты сақтау мен беруге арналған өзге де құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

3.9 Талапкер келесі жағдайларда әңгімелесуден шеттетіледі немесе оған жіберілмейді:

- талапкердің жеке басы куәлігіндегі деректер (фотосурет) көрсетілген тұлғаға сәйкес келмесе;
- талапкер осы Ережеде көзделген талаптарды бұзса.

3.10 Әңгімелесу барысында интернет байланысы үзіліп немесе сигнал сапасы 10 минуттан астам уақытқа нашарлаған жағдайда, Комиссия әңгімелесуді жалғастыру немесе басқа уақытқа ауыстыру туралы шешім қабылдайды және бұл туралы талапкерлерге хабарлайды.

3.11 Әңгімелесуге қатысушының жауабы қанағаттанарлықсыз бағаланған жағдайда, қайта әңгімелесуге (қайта тапсыруға немесе апелляция беруге) жол берілмейді.

3.12 Балл көрсеткіштері бірдей болған жағдайда талапкердің білім туралы құжатындағы орташа балдың жоғары болуы ескеріледі. Егер аттестатқа (немесе басқа білім туралы құжатқа) қосымшада әріптік немесе сандық бағалар көрсетілмей, пәндер «есептелді», «курс меңгерілді» немесе үлгерім деңгейін көрсетпейтін өзге де ұқсас тұжырымдармен белгіленген болса, аттестаттың орташа балы Комиссия тарапынан шартты түрде анықталып, 5 балдық шкала бойынша 3,0 баллға тең деп қабылданады.

3.13 Қорытынды шешім Комиссияның келісілген ортақ пікірі негізінде алқалы түрде қабылданады. Комиссияның әңгімелесуді бағалауы және қорытынды шығаруы күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей аяқталуы тиіс.

3.14 Конкурстық іріктеу нәтижелері белгіленген нысандағы хаттамамен рәсімделеді және оған Комиссия төрағасы мен қатысқан барлық мүшелер қол қояды (Қосымша 5).

3.15 Комиссиясының хаттамасы негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды қабылдау туралы шешім шығарылады және күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейінгі мерзімде конкурстық іріктеуден өткен Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдардың және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың назарына жеткізіледі. Конкурстық іріктеу аяқталған күні конкурстық іріктеу нәтижелерін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне жолдайды.

3.16 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурстық іріктеу нәтижесінде ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады. Бұл ретте ең төменгі балл 50-ден кем болмауы тиіс.

3.17 Ақылы негізде оқуға қабылдау білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалғаннан және Университетке оқу ақысы түскеннен кейін жүзеге асырылады. Бұл ретте конкурстық іріктеу нәтижесі бойынша ең төменгі балл 50-ден кем болмауы тиіс.

3.18 Дайындық бөліміне қабылдану үшін тыңдаушылар құжаттардың толық топтамасын ұсынуы тиіс (6 қосымша).

#### **4 Мүгедектігі бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін әңгімелесуді өткізу ерекшеліктері**

4.1 Мүгедектігі бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі талапкерлерге (бұдан әрі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі талапкерлер) әңгімелесу өткізу кезінде олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып қажетті техникалық көмек көрсететін ассистенттің қатысуына рұқсат етіледі. Ассистент талапкерге жұмыс орнына орналасуға, қозғалуына, тапсырманы оқуға және Комиссия мүшелерімен қарым-қатынас жасауына көмектесе алады.

4.2 Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі талапкерлер үшін әңгімелесу ұзақтығы 10 минутқа ұзартылады.

4.3 Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі талапкерлер әңгімелесу барысында өздерінің жеке ерекшеліктеріне байланысты қажетті техникалық құралдарды пайдалана алады.

#### **5 Бейіндік пәндер бойынша білім деңгейін анықтау**

5.1 Конкурстық іріктеу үшін сұрақтарды үздіксіз білім беру институтының оқытушылары әзірлейді, үздіксіз білім беру институтының отырысында қаралады және Басқарма мүшесі-университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры бекітеді.

5.2 Қазақстан Республикасының азаматтарын конкурстық іріктеуге арналған сұрақтар негізгі мектеп пәндері: математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі бойынша білімін көздейді.

5.3 Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдеріне арналған конкурстық іріктеу/әңгімелесу сұрақтары таңдаған білім беру бағдарламалары тобы аясындағы бейіндік пәндер бойынша білімін анықтауға бағытталады: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы, математика, физика, информатика, химия, биология, география, ағылшын тілі, шығармашылық пән.

5.4 Шетел азаматтарына арналған конкурстық іріктеу/әңгімелесу сұрақтары жоспарланған оқу тілінде білім деңгейі мен өз ойын жеткізу қабілетін анықтауға бағытталады.

5.5 Әрбір қатысушы үшін әңгімелесу түріндегі сұхбатқа 20 минуттан аспайтын уақыт бөлінеді.

5.6 Талапкер әңгімелесу барысында әр пән бойынша қарастырылатын тақырыпты толық түсінетінін көрсетіп, оны жан-жақты ашып беруі тиіс. Комиссия мүшелері жауап берушіге мазмұндық, түсіндіруші (жетелеуші) және проблемалық сипаттағы қосымша сұрақтар қоюға құқылы. Әңгімелесу барысында талапкерге: болашақ мамандықты таңдауға байланысты сұрақтар, өмірбаяндық сипаттағы сұрақтар, қызығушылықтар аясын, дүниетаным деңгейін

және әртүрлі қызмет түрлеріне бейімділігін анықтайтын сұрақтар қойылуы мүмкін. Аталған сұрақтар бағаланбайды. Талапкердің жауаптары оның білім деңгейін, дүниетанмын, жауапты логикалық тұрғыдан құра білу қабілетін, монологтік сөйлеу дағдысын және басқа да коммуникативтік қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

## **6 Бағалау критерийлері**

6.1 Талапкердің қортынды баға екі пән бойынша әңгімелесу нәтижелерін қосы арқылы анықталады: 1 – пән (ең көбі 50 балл), 2 – пән (ең көбі 50 балл)..

6.2 Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдері үшін әр пән бойынша ең жоғары балл – 50 балл.

«50–45 балл» – оқу материалының толық көлемін терең әрі жан-жақты меңгергенін көрсетеді; толық және дұрыс жауап бере алады; жауабын нақты мысалдармен және деректермен өз бетінше дәлелдейді; талдау жасап, қорытындыларды негізді түрде тұжырымдай алады.

«44–35 балл» – оқу материалын жақсы меңгерген; жауабы логикалық жүйелілікпен беріледі; ұғымдарды анықтауда, терминдерді қолдануда немесе қорытынды жасауда болмашы қателіктер мен дәлсіздіктер кездесуі мүмкін, бірақ талапкер оларды өздігінен немесе Комиссия мүшелерінің сұрақтары арқылы түзете алады.

«34–25 балл» – сұрақтың мазмұнын түсінеді, алайда барлық мәселелер толық ашылмаған; жауаптары жүйесіздеу, үзінді сипатта және толық емес; ұғымдарды анықтауда дәлсіздіктер кездеседі.

«24–1 балл» – жауапта сұрақтан елеулі ауытқулар бар; қойылған сұрақтар шеңберіндегі оқу материалының негізгі бөлігін түсінбейді және білмейді; жіберілген қателерді тіпті жетелеуші сұрақтардың көмегімен де түзете алмайды.

6.3 Шетел азаматтарының жауаптарын бағалаудың ең жоғары көрсеткіші – 100 балл.

«100–90 балл» – әңгімені дұрыс әрі сауатты жүргізе алады; дыбыстарды дұрыс айтады; сөйлемдерді дұрыс интонациямен жеткізеді; өз ойын еркін баяндай алады (көлемі кемінде 20 сөйлем).

«89–75 балл» – әңгімені дұрыс және жалпы алғанда сауатты жүргізе алады. Көлемі 12–15 сөйлемнен тұратын жауапта 3–4 фонетикалық немесе 2–3 грамматикалық, мағыналық және стильдік қате жіберілуі мүмкін. Бұл қателер талапкер тарапынан түзетілмеуі немесе әңгіменің баяу қарқынмен жүргізілуі мүмкін.

«74–50 балл» – кейбір дыбыстарды дұрыс айту дағдылары қалыптаспаған немесе 5–6 фонетикалық қате жібереді; сөйлемдерді дұрыс интонациялай алмайды. Әңгіме баяу қарқынмен жүргізіледі, 6-ға дейін лексикалық-грамматикалық қате, ұзақ кідірістер және жағдаят мазмұнында 4-тен аспайтын қате болуы мүмкін.

«50–1 балл» – жекелеген дыбыстарды және сөйлем интонациясын көбінесе немесе толықтай дұрыс қолданбайды; қарым-қатынас жасау, диалогтік және монологтік сөйлеу дағдылары қалыптаспаған.

6.4 Талапкер жауап бермеген, жауап беруден бас тартқан немесе әңгімелесуге қатыспаған жағдайда, әңгімелесу күнін ауыстыруға жол берілмейді және оған 0 балл қойылдады.

## **7 Дайындық бөлімінің тыңдаушыларын оқытуды ұйымдастыру тәртібі**

7.1 Дайындық бөлімшелерінде оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту нысаны бойынша жүзеге асырылады. Сабақтар күнтізбелік жылдың 01 қазаннан басталады. Оқу мерзімі - 9 ай.

7.2 Дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларына қашықтықтан оқыту ұсынылады:

1) дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы болған кезде;  
2) бала үш жасқа толғанға дейін туған, асырап алған кезде растайтын құжаттарды ұсына отырып;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, оқу жылы ішінде тұрғылықты жері бойынша кеткен және шекараның жабылуы, карантин жариялануы себебінен және оларға байланысты емес өзге де мән-жайлар бойынша қайтып оралуға мүмкіндігі жоқ ұлты қазақ адамдар үшін ұсынылады.

7.3 Оқу процесін ұйымдастыру бекітілген оқу жұмыс жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7.4 Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы анықтама (еркін нысандағы) беріледі.

7.5 Дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын Университеттен оқудан шығаруға: 1) тыңдаушының өз еркімен оқудан шығу туралы өтініші; 2) Университеттің ішкі тәртібін бұзуы негіз болып табылады.

7.6 Тыңдаушыны Университеттен шығару Университет басшысының бұйрығымен ресімделеді, оның көшірмесі оқудан шыққан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Министрлікке жіберіледі.

7.7 Тыңдаушыларға денсаулық жағдайы бойынша академиялық демалыс берілмейді.

7.8 Университет дайындық бөлімі тыңдаушыларының статистикалық және паспорттық есебін жүргізеді.

7.9 Университет жыл сайын күнтізбелік жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне өткен кезеңдегі дайындық бөлімшесінің жұмысы туралы қорытынды есепті ұсынады.

**Академиялық мәселелер бойынша  
Басқарма мүшесі – проректор**

  
**Р. Нургожин**

**Үздіксіз білім беру Институтының  
директорының м. а.**

  
**А. Куватова**

**Қабылдау комиссияның  
Жауапты хатшысы**

  
**А. Дюсенова**

*«Торайғыров университеті» КеАҚ дайындық  
бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды  
ұйымдастыру туралы Ережесіне  
1 қосымша*

**Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ  
ұлтының өкілдері мен шетел азаматтарының әңгімелесуге қатысу үшін  
ұсынатын құжаттары**

1. Конкурстық іріктеуге қатысу туралы өтініш (электрондық немесе қағаз түрінде);
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасының электрондық көшірмесі немесе қағаз түріндегі нұсқасы;
3. Білімі туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз түріндегі нұсқасы, сондай-ақ құжат толықтай шет тілінде болған жағдайда оның нотариалды куәландырылған аудармасының сканерленген көшірмесі (мөрдін аудармасын қоса алғанда);
4. Талапкердің тұрғылықты елінің ресми денсаулық сақтау органы берген шетелде оқуға шығуға арналған медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі немесе қағаз түріндегі нұсқасы не Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген флюорографиялық тексеру нәтижесі қоса берілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
5. Қазақ ұлтына жататынын растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдері үшін).

«Торайғыров университеті» КеАҚ дайындық  
бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды  
ұйымдастыру туралы Ережесіне  
2 қосымша

«Торайғыров университеті» КеАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Н. Медетовке

(аты-жөні толық көрсетіледі)

### ӨТІНІШ

Мені дайындық бөліміне оқуға түсу үшін өткізілетін конкурстық іріктеуге қатысуға  
жіберуіңізді сұраймын

**Өзім туралы мәліметтер:**

Азаматтығы \_\_\_\_\_ Ұлты \_\_\_\_\_  
Жынысы \_\_\_\_\_ Тұған күні, айы, жылы \_\_\_\_\_  
Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_  
Құжаттың берілген күні, қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_  
Түсуге жоспарланған білім беру бағдарламасы (мамандығы) \_\_\_\_\_  
Бітірген мектебі/колледжі/жоғары оқу орны, бітірген жылы \_\_\_\_\_  
Қазақстан Республикасындағы визасының мерзімі (бар болса) \_\_\_\_\_  
Байланыс мәліметтері (талапкердің телефоны) \_\_\_\_\_  
Қазақстандағы туыстарының байланыс телефоны \_\_\_\_\_  
Тұратын еліндегі байланыс телефоны \_\_\_\_\_  
E-mail: \_\_\_\_\_

«Торайғыров университеті» КеАҚ Дайындық бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды ұйымдастыру туралы Ережесімен таныстым

(қолы)

«Торайғыров университеті» КеАҚ Дайындық бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды ұйымдастыру туралы Ережесімен таныстым.

(қолы)

Бұған дейін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде  
мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алмағанымды  
растаймын \_\_\_\_\_

(қолы)

Өзімнің/баламның дербес деректерін өңдеуге және пайдалануға келісім беремін

(қолы)

Оқуға қабылдауға ұсыныс алғаннан кейін Ережеде белгіленген қабылдауға қажетті  
құжаттардың түпнұсқаларын Дайындық бөліміне тапсыруға міндеттенемін

(қолы)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

(өтініш берген күн)

(қолы)

«Торайғыров университеті» КеАҚ дайындық  
бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды  
ұйымдастыру туралы Ережесіне  
3 қосымша

### Әңгімелесуге қатысушылар туралы мәліметтер

|                                                                                | Т.А.Ә<br>(толық) | Жын<br>ысы | Туған<br>күні | Азаматт<br>ығы | Паспорт<br>нөмірі,<br>берілген<br>күні,<br>жарамдыл<br>ық<br>мерзімі | 1-бейіндік<br>пән | 2-<br>бейіндік<br>пән | E.mail | Байланыс<br>телефоны |
|--------------------------------------------------------------------------------|------------------|------------|---------------|----------------|----------------------------------------------------------------------|-------------------|-----------------------|--------|----------------------|
|                                                                                | 2                | 3          | 4             | 5              | 6                                                                    | 7                 | 8                     | 9      | 10                   |
| <b>Санаты. Қазақстан Республикасының азаматтары</b>                            |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
|                                                                                |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
|                                                                                |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
| <b>Санаты. Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ қазақ ұлтының өкілдері</b> |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
|                                                                                |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
|                                                                                |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
| <b>Санаты. Шетел азаматтары</b>                                                |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
|                                                                                |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |
|                                                                                |                  |            |               |                |                                                                      |                   |                       |        |                      |

«Торайғыров университеті» КеАҚ дайындық  
бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды  
ұйымдастыру туралы Ережесіне  
4 қосымша

## ӘНГІМЕЛЕСУ ХАТТАМАСЫ / ПРОТОКОЛ СОБЕСЕДОВАНИЯ

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./ г.

Павлодар

### ҚАТЫСУШЫЛАР:/ ПРИСУТСТВОВАЛИ:

Комиссия төрағасы:/ Председатель комиссии: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:/ Члены комиссии: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

### I. Үміткердің аты-жөні / Фамилия и имя поступающего

\_\_\_\_\_

### II. Бейіндік пәндер бойынша білім деңгейін анықтауға арналған сұрақтар және оларды бағалау:/ Вопросы для определения уровня знаний по профильным предметам и их оценивание:

1 пән/ предмет \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2 пән/ предмет \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Орта білімі жайлы аттестаттың орташа балы (қажет болған жағдайда):/ Средний балл документа об образовании (при необходимости) \_\_\_\_\_

### III. Жалпы балы/ Общий балл \_\_\_\_\_

### ШЕШІМ / РЕШЕНИЕ: Рекомендован / не рекомендован к зачислению

Комиссия төрағасы:/ Председатель комиссии: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері/ Члены комиссии: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Хатшы/ Секретарь: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

«Торайғыров университеті» КеАҚ дайындық  
бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды  
ұйымдастыру туралы Ережесіне  
5 қосымша

**Хаттама № \_\_\_\_\_**  
**Түсушілерді іріктеу жөніндегі комиссияның отырыстары**  
**202\_\_-202\_\_ оқу жылына**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж./ г.

Павлодар

**ҚАТЫСҚАНДАР / ПРИСУТСТВОВАЛИ:**

Комиссия төрағасы / Председатель комиссии: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері / Члены комиссии: \_\_\_\_\_

**Күн тәртібі / Повестка дня:**

1. Рассмотрение результатов собеседования и заявлений

(категория поступающих)

претендующих на обучение в подготовительном отделении по государственному образовательному заказу / на платной основе за счет собственных средств.

**ТЫҢДАДЫ / СЛУШАЛИ:** Комиссией были изучены и обсуждены:

- результаты индивидуальных собеседований;
- документы, представленные поступающими.

**ШЕШТІ / РЕШИЛИ:**

1. Рекомендовать к зачислению следующих поступающих.

| № | Аты-жөні/ФИО | Азаматтығы/Гражданство | Бейіндік пәндер бойынша балдар/<br>Баллы по профильным предметам |                                         | Жалпы балы/Общий балл | Комиссия шешімі/Решение комиссии |
|---|--------------|------------------------|------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|-----------------------|----------------------------------|
|   |              |                        | 1 бейіндік пән/<br>1 профильный предмет                          | 2 бейіндік пән/<br>2 профильный предмет |                       |                                  |
| 1 | 2            | 3                      | 4                                                                | 5                                       | 6                     | 7                                |
| 1 |              |                        |                                                                  |                                         |                       | рекомендован                     |
| 2 |              |                        |                                                                  |                                         |                       | рекомендован                     |

2. Лиц, не достигших минимального проходного балла, к зачислению не рекомендовать.

Комиссия төрағасы/ Председатель комиссии: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері/ Члены комиссии: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Хатшы/ Секретарь: \_\_\_\_\_

*«Торайғыров университеті» КеАҚ дайындық  
бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды,  
конкурстық іріктеуді және оқытуды  
ұйымдастыру туралы Ережесіне  
6 қосымша*

**Дайындық бөліміне оқуға қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесі**

- 1) Басқарма Төрағасы – Ректордың атына жазылған өтініш;
- 2) Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және жеке басын куәландыратын құжаттың қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы;
- 3) Білім туралы құжаттың және оған қосымшаның түпнұсқасы, сондай-ақ нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толықтай шет тілінде болса, мөрдін аудармасын қоса);
- 4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама және флюорография қорытындысы;
- 5) Медициналық сақтандыру полисінің көшірмесі;
- 6) Қазақ ұлтына жататынын растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ қазақ ұлтының өкілдері үшін);
- 7) I және II топтағы мүгедектігі бар тыңдаушылар, сондай-ақ бала кезінен мүгедектігі бар тұлғалар дайындық бөлімінде оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды ұсынады;
- 8) 3×4 см көлеміндегі фотосурет – 2 дана;
- 9) Қағаз тігілетін папка (скоросшиватель) – 1 дана.